

Қазақстан Республикасы соттары судьяларының біліктілік сыныптары туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 15 қазандағы N 3677. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2001.06.26. N 643 Жарлығымен. ~U010643

"Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 желтоқсандағы Конституциялық заң күші бар N 2694 U952694_ Жарлығы 59-бабының 4-тармағына сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы соттары судьяларының біліктілік сыныптары туралы ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті
Қазақстан Республикасы
Президентінің
1997 жылғы 15 қазандағы
N 3677 Жарлығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының соттары судьяларының біліктілік сыныптары туралы ереже

Осы Ереже Қазақстан Республикасының судьяларына біліктілік сыныптарын берудің, олардан айырудың тәртібі мен шарттарын реттейді.

I. Біліктілік сыныптарын беру тәртібі

1. Қазақстан Республикасы соттары судьяларының іскерлік қасиеттерін бағалау, кәсіптік білімдерінің өсуін және сот төрелігін жүзеге асыру кезінде оларды қолдану дағдыларын ынталандыру мақсатында мынадай жоғары, бірінші-бесінші біліктілік сыныптары беріледі.

2. Әрбір біліктілік сыныбында болудың мерзімі мынадай:

бесіншіде - 2 жыл

төртіншіде	- 3 жыл
үшіншіде	- 3 жыл
екіншіде	- 3 жыл
біріншіде	- 4 жыл

3. Біліктілік сыныптарын беру субъектілері және тәртібі:

1) жоғары біліктілік сыныбын:

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасына;

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының ұсынуы бойынша Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағалары мен судьяларына;

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы мен Әділет министрінің бірлесіп ұсынуы бойынша облыстық және оларға теңестірілген соттардың төрағаларына, осы соттардың сот алқаларының төрағалары мен судьяларына;

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің ұсынуы бойынша аудандық (қалалық) және оларға теңестірілген соттардың төрағалары мен судьяларына, сот учаскелерінің аға судьяларына Қазақстан Республикасының Президенті береді.

2) бірінші, екінші және үшінші біліктілік сыныптары:

Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағалары мен судьяларына - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасының шешімімен;

облыстық және оларға теңестірілген соттардың төрағаларына - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы мен Әділет министрінің бірлескен шешімімен;

облыстық және оларға теңестірілген соттардың сот алқаларының төрағалары мен судьяларына тиісті сот төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы мен Әділет министрінің бірлескен шешімімен;

аудандық (қалалық) және оларға теңестірілген соттардың төрағалары мен судьяларына, сот учаскелерінің аға судьяларына - әділет басқармасының бастығы мен облыстық немесе оған теңестірілген сот төрағасының бірлескен ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Әділет министрінің шешімімен беріледі;

3) төртінші және бесінші біліктілік сыныптары:

облыстық және оларға теңестірілген соттардың сот алқаларының төрағалары мен судьяларына - облыстық немесе оларға теңестірілген соттар төрағаларының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Әділет министрінің шешімімен;

аудандық (қалалық) және оларға теңестірілген соттардың төрағалары мен судьяларына, сот учаскелерінің аға судьяларына - әділет басқармасының бастығы

мен облыстық немесе оған теңестірілген сот төрағасының бірлескен ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Әділет министрінің шешімімен беріледі.

4. Біліктілік сыныптарын беру, әдетте, жағымды мінездемеге орай жұмыс стажы ескеріле отырып, дәйектілікпен жүзеге асырылады.

5. Кезекті біліктілік сыныбын беру судьяның берілген біліктілік сыныбында болу мерзімі өткен күннен бастап екі айдан кешіктірілмей жүргізіледі.

Тұңғыш рет тағайындалған судьяларға біліктілік сыныптары судья қызметіндегі жұмыстың алғашқы алты айы өткеннен кейін беріледі. Бұл ретте берілген біліктілік сыныбы үшін қосымша ақы судья қызметіне тағайындалған не сайланған кезден бастап төленеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің судьяға оның тағайындалуымен немесе сайлануымен бір мезгілде біліктілік сыныбын беруге құқығы бар.

6. Прокуратура органдары мен басқа да құқық қорғау органдарына, әділет пен адвокатура мекемелерінде, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен ұйымдарда жоғары заң білімі бар адамдар атқаратын қызметтерде бұрын жұмыс істеген тұңғыш рет тағайындалған судьяларға біліктілік сыныптары бұрынғы қызметі, әскери (арнаулы) атағы немесе мемлекеттік қызметшінің біліктілік сыныбы, білімі, ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағы, еңбек сіңірген жылдары мен жұмыс тәжірибесі ескеріле отырып беріледі.

Қызметке тағайындалған немесе сайланған әскери және арнаулы атақтары, сыныптық шендері, дипломатиялық дәрежелері, біліктілік сыныптары бар судьяларға бұрын берілген атақтары, шендері, дәрежелері мен сыныптары сақталады, бірақ бұлар үшін қосымша ақы төленбейді.

Мемлекеттік органдарда, ұйымдарда қызмет атқаратын адамдарды судья қызметіне тағайындаған, сайланған кезде, сондай-ақ судьяны ауыстырған кезде оларға бұрынғы қызметіндегі орташа жалақысы мен жеңілдіктері, егер бұлар қазіргі қызметі бойынша белгіленген деңгейден артық болса, екі жыл бойы сақталады.

7. Жоғары білікті судьяларға жұмыс тәжірибесі ескеріле отырып, ынталандыру ретінде олардың қызметінің нәтижелері үшін мерзімге бұрын немесе кезектен тыс біліктілік сыныбын беруге болады.

Біліктілік сыныбы кезекті біліктілік сыныбында болудың тағайындалған мерзімінің кемінде жартысы өткеннен кейін мерзімнен бұрын беріледі. Судья қызметінде болған уақыттың ішінде біліктілік сыныбы бір рет қана мерзімінен бұрын берілуі мүмкін.

Кезектен тыс біліктілік сыныбы кезекті біліктілік сыныбында болудың тағайындалған мерзімінің кемінде үштен екісі өткеннен кейін беріледі және мұның өзі олардың иеленіп отырғанынан бір сыныпқа ғана артық болуға тиіс. Судья қызметінде болған уақыт ішінде кезектен тыс біліктілік сыныбын беру бір

II. Судьяларды біліктілік сыныптарын беруге ұсыну тәртібі

8. Судьяларға біліктілік сыныптарын беру туралы материалдарды біліктілік сыныбын беру құқығы бар не осы Ережеге сәйкес оларды беру жөнінде ұсыныстар енгізуге құқығы бар лауазымды адамдар ресімдейді.

Жоғарғы Сот Төрағасына жоғары біліктілік сыныбын беру жөніндегі материалдарды Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі ресімдейді.

9. Судьяға кезекті біліктілік сыныбын беру туралы материалдар біліктілік сыныбын беруге құқығы бар лауазымды адамға оның тағайындалған біліктілік сыныбында болу мерзімі өткенге дейін үш айдан кешіктірілмей табыс етіледі.

10. Біліктілік сыныбын беру туралы ұсынысқа мыналар:

1) судьяға берілген, оның кәсіптік қызметіне берілген бағаны, іскерлік және адамгершілік қасиеттерін бейнелеуге тиіс мінездеме;

2) қаралған істердің саны мен сапасы туралы соңғы үш жылдағы деректер;

3) сот істері қаралған кезде заңдылықтың сақталуы туралы мәліметтер;

4) судьяның үстінен түскен шағымдар туралы мәліметтер мен олардың негізділігі жөніндегі қорытынды;

5) тәртіптік жазалар туралы мәліметтер қоса берілуге тиіс.

Судья ұсыныспен және басқа материалдармен таныстырылуға тиіс.

11. Судья өзіне жүктелген міндеттерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны, лауазымдық өкілеттіктерінің шегінен шыққаны, мемлекеттік және еңбек тәртібін бұзғаны, сол сияқты судья қызметінде болумен байланысты заңда белгіленген шектеулерді сақтамағаны үшін судьяға кезекті біліктілік сыныбын беру бір жылға дейінгі мерзімге кідіртуі мүмкін.

12. Орнынан түскен, не зейнетақы демалысына шыққан, не басқа мемлекеттік органдарға ауыстырылған, не "Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық заң күші бар жарлығының 47-бабының 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша қызметінен босатылған судьяларға біліктілік сыныптары сақталады, бірақ бұл үшін қосымша ақы төленбейді.

III. Біліктілік сыныбынан айыру тәртібі

13. Судья атқаратын қызметінен босатылған кезде:

- 1) сот істерін қарау кезінде заңдылықты бұзғаны үшін;
- 2) абыройсыз іс-қылық жасағаны үшін;
- 3) атқаратын қызметіне сай келмеген ретте немесе судья қызметімен үйлеспейтін іс-әрекетпен айналысқан кезде;
- 4) егер судьяға қатысты соттың айыптау үкімі заңды күшіне енсе;
- 5) судья Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылған кезде;
- 6) заңды күшіне енген сот шешімімен судья іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған кезде;
- 7) "Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың

мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық заң күші бар Жарлығының 47-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында көзделген негіздер бойынша оны біліктілік сыныбынан айыруға жол беріледі.

14. Судьяны біліктілік сыныбынан айыру осы Ереженің 3-тармағында белгіленген біліктілік сыныптарын беруге ұсыну шарттарына сәйкес келетін тәртіппен уәкілетті лауазымды адамдардың ұсынуы бойынша жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Президенті судьяны біліктілік сыныбынан айыру туралы өздігінен шешім қабылдауға хақылы.

IV.

Ескерту. IV-бөлім, 15-16 тармақтар күшін жойды - ҚР Президентінің 2001.03.26. N 575 жарлығымен.

U010575_

V. Қорытынды ережелер

17. Қазақстан Республикасының судьяларына берілген біліктілік сыныптары осы Ереже бекітілгенге дейін оларда сақталады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК